

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКТОБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АКТОБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ

«АКТОБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКІМАТ АКТЮБІНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБІНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЕ
ГОРОДА АКТЮБЕ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы «24» 09
Ақтобе қ.

№ 477

«24» 09 2025 года
г. Ақтобе

Білім беру ұйымдарында қаражат жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, сондай-ақ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақтобе қаласының білім бөліміне бағынысты білім беру ұйымдарының (мектеп, балабақша, қосымша білім беру) басшылары міндетті түрде:

1.1. Білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналар арасында қаражат жинауға жол бермеу шараларын жүзеге асырсын.

1.2. Қаражат жинауды болдырмау туралы педагогтер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтсін.

1.3. Білім беру ұйымдарына педагог кадрларды қабылдау кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермесін.

1.4. Ротация тәртібімен ауысқан білім беру ұйымдары басшыларының «командалық ауысуына» жол берілмесін.

1.5. Электрондық қолтаңбаны пайдалану және оған қол жеткізу құқығына қатысты сақтық шараларын күшейту мақсатында электрондық қолтаңба орналасқан құрылғыны өзге қызметкердің пайдалануына қатаң тыйым салынсын.

1.6. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға жол бермеу бағытында барлық қажетті шаралар қабылданын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасарлары Ж.Шалабаеваға, А.Сыдыковаға жүктелсін.

«Ақтөбе қаласының білім
бөлімі» ММ басшысы



М.Косымбаева